


БЕКІТЕМІН


Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің ректор өкілі м.а

« 24 » 04 2024 ж. 

Нажи Генч

БЕКІТЕМІН

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
қазақ-түрік университетінің ректоры

« 04 » 2024 ж. 

Ж.Темірбекова



САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-055-2022

**ПРОФЕССОР-ЗЕРТТЕУШІ, ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОР
(ДОЦЕНТ)-ЗЕРТТЕУШІ МӘРТЕБЕЛЕРІН БЕРУ ЕРЕЖЕСІ**

АЛҒЫ СӨЗ

1. Ғылым департаменті тарапынан ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген - Ғылым департаменті директоры Х.Масадиқов
3. Келісілді - Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева
- Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
- Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры М. Нурсой
- Заң бөлімі басшысы Г.Мусаханов
- Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы С.Қырықбаева
- Адам ресурстарын басқару бөлімі басшысының м.а Ж.Сыздыкова
4. ЕНГІЗІЛДІ - 2024 ж.
5. Тексерілу мерзімі - 2026 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан 2024

| | | |
|---|----------------------------|-------------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | УЕ-ХҚТУ-055-2022 |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Университет ережесі | |
| Профессор-зерттеуші, қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші мәртебелерін беру | | 12 беттің 2-беті |

МАЗМҰНЫ

| | | |
|----|--|----|
| 1 | Қолданылу саласы | 3 |
| 2 | Нормативтік сілтемелер | 3 |
| 3 | Атаулар, анықтамалар және қысқартулар | 4 |
| 4 | Жалпы ережелер | 4 |
| 5 | Профессор-зерттеуші лауазымына үміткерлерге қойылатын талаптар | 5 |
| 6 | Қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші лауазымына үміткерлерге қойылатын талаптар | 7 |
| 7 | Жауапкершілік және өкілеттілік | 9 |
| 8 | Өзгерістерді енгізу тәртібі | 9 |
| 9 | Келісу, сақтау және тарату | 10 |
| 10 | Танысу парағы | 11 |

| | | |
|---|----------------------------|------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | УЕ-ХҚТУ-055-2022 |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Университет ережесі | |
| Профессор-зерттеуші, қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші мәртебелерін беру | | 12 беттің 3-беті |

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1. Бұл Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі – университет) Профессор-зерттеуші, қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші қызметіне қабылданған мамандардың мәртебесін айқындайды және олардың құқықтары мен міндеттерін сипаттайды.

1.2. Бұл Ереже университетте профессор-зерттеуші, қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші лауазымына қойылатын біліктілік сипаттамасы және осы лауазымдарға ауыстыру талаптарын жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.3. УЕ-ХҚТУ-055-2022 Ережесі университет СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Осы, профессор-зерттеуші, қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші мәртебелерін беру ережесінде келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалған:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырулар енгізілген нұсқасы жаңа редакцияда ҚР 04.07.2018 №171-VI);

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 18 ақпандағы №407-IV «Ғылым туралы» Заңы;

- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы;

- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

- «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы;

- «Медициналық-биологиялық эксперименттерді, клиникаға дейінгі (клиникалық емес) және клиникалық зерттеулерді жүргізу қағидаларын, сондай-ақ клиникаға дейінгі және клиникалық базаларға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі №142 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық Сақтау министрлігі Этика бойынша орталық комиссиясының 2018 жылғы «Жергілікті этикалық комиссиялар: ұйымдастыру тәртібі және жұмыс рәсімдері. Әдістемелік ұсынымдар», 2-ші басылым;

- Университеттің 2021 жылғы 24 қарашадағы УЕ-ХҚТУ-104-2021 «Зерттеу этикасы бойынша жергілікті комиссиясының ережесі (ЛЭК)»

- Ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №128 Бұйрығы (ҚР Білім және ғылым министрінің 07.07.2021 №320 бұйрықтарымен өзгеріс енгізілген);

- Университет Жарғысы;

- Регламенттер;

- ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару.

| | | |
|--|---------------------|------------------|
| <i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i> | | УЕ-ХҚТУ-055-2022 |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Университет ережесі | |
| Профессор-зерттеуші, қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші мәртебелерін беру | | 12 беттің 4-беті |

3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1. Университеттің осы ережесінде төмендегі атаулар, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

Ереже – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессор-зерттеуші, қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші мәртебелерін беру ережесі;

ПОҚ - профессор-оқытушы құрамы;

СМЖ - Сапа менеджменті жүйесі;

Хирш индексі - жарияланымдар саны мен дәйексөздер санына негізделген ғалым, ғалымдар тобы, ғылыми ұйым немесе елдің жалпы өнімділігінің ғылыми өлшемдік көрсеткіші.

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Осы Ереже университеттің Сенат мәжілісінде талқыланады және бекітіледі.

4.2. Ереженің талаптарының енгізілуіне Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры жауапты болып табылады.

4.3. Осы Ереже университеттің ғылыми-зерттеу қызметін одан әрі дамыту, жетекші қазақстандық және шетелдік ғалымдарды университетке тарту, кадрлық әлеуетті сақтау және оны жетілдіру, жаңа ғылыми мектептерді қалыптастыру мен дамыту, университеттің ПОҚ-ның педагогикалық қызметін ынталандыру және оңтайландыру мақсатында әзірленді.

4.4. Профессор-зерттеуші немесе қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші қызметіне жұмысқа қабылдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және университеттің лауазымдарын конкурстық ауыстырудың ішкі қағидаларына сәйкес конкурстық тәртіппен жүзеге асырылады.

4.5. Университет қызметкерлеріне профессор-зерттеуші немесе қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші мәртебесі берілген кезде, оның кафедрадағы жүктемесінің 50% немесе одан да көбі ғылыми-зерттеу жұмыстарына, 50%-ға дейін жүктеме оқытушылық жұмысқа бөлінеді.

4.6. Профессор-зерттеуші немесе қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші қызметіне конкурстық тәртіппен ғылыми қызметпен белсенді айналысатын, ғылыми мектептерді қалыптастыруға, жаңа ғылыми бағыттарды ұйымдастыруға және дамытуға ықпал ететін қазақстандық және шетелдік ғалымдар қабылдануы мүмкін.

4.7. Конкурсқа қатысу үшін өтінім мыналарды қамтиды: конкурсқа қатысуға өтінім, резюме, ғылыми-зерттеу жобасына өтінім, үміткерлерге жоғарыда көрсетілген талаптарды растайтын құжаттама портфолио (дәйексөз базасынан алынған скрин-шоттар, шетелдік басылымдардағы жарияланымдардың көшірмелері және т.б.), ғылыми дәреже, PhD дәрежесін алуды, ғылыми атақ беруді растайтын құжаттар, ғылыми еңбектер мен өнертабыстар тізімі, үміткердің біліктілігін растайтын қосымша құжаттар, ұсыным хаттар, алдыңғы жұмыс орындарынан мінездеме.

4.8. Үміткердің Хирш индексі кемінде 7 және соңғы 5 жылда Scopus немесе WoS деректер базасында индекстелетін және Q1 немесе Q2 төмен емес кемінде 10 (он) жарияланым болған жағдайда, конкурстық комиссияның шешімімен профессор-зерттеуші немесе қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші лауазымына қабылдануы мүмкін.

4.9. Университетке профессор-зерттеуші немесе қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші лауазымына қабылдау туралы хабарландыру ректордың, Ғылым және стратегиялық даму вице-ректордың бастамасымен жүзеге асырылады.

| | | |
|---|----------------------------|------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | УЕ-ХҚТУ-055-2022 |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Университет ережесі | |
| Профессор-зерттеуші, қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші мәртебелерін беру | | 12 беттің 5-беті |

4.10. Профессор-зерттеуші немесе қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші қызметіне жасалған еңбек шарты негізінде шығарылған университет ректорының бұйрығымен тағайындалады.

5. ПРОФЕССОР-ЗЕРТТЕУШІ ЛАУАЗЫМЫНА ҮМІТКЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1. Профессор-зерттеуші мәртебесі философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, ғылым кандидаты немесе ғылым докторы, профессор ғылыми атағы (дәрежесі) бар және келесі талаптарға сәйкес келетін тұлғаларға беріледі:

5.1.1. Бағытына сәйкес келетін кемінде 10 жылды құрайтын ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызмет тәжірибесінің болуы;

5.1.2. Ғылыми жетекші немесе зерттеу тобының мүшесі ретінде соңғы 5 жылда кемінде 1 (бір) іске асырылған немесе іске асырылып жатқан ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру шеңберіндегі бағдарламаға (жобаға) не халықаралық жобаға қатысу тәжірибесінің болуы;

5.1.3 Соңғы 5 (бес) жылда және Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index, Russian Science Citation Index және (немесе) Emerging Sources Citation Index Web of Science деректер базасында индекстелетін және (немесе) Scopus деректер базасындағы CiteScore бойынша процентилі 35 (отыз бес) кем емес басылымда кемінде 3 (үш) мақаланың болуы;

5.1.4. Хирш индексі кемінде 3 болуы;

5.1.5. Scopus және (немесе) WoS мәліметтер базасында индекстелген халықаралық рецензияланған ғылыми журналдарда соңғы 3 жыл ішінде ғылыми жарияланымдарымен расталған белсенді зерттеу қызметінің тәжірибесі.

5.1.6. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар бойынша ізденушілер үшін Web of Science Core Collection деректер қорында индекстелген журналдар (Art and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded) есептеледі.

Clarivate Analytics Social Sciences Citation Index).

5.1.7. B2-ден төмен емес деңгейдегі шет тілін білу (түрік немесе ағылшын).

5.2. Профессор-зерттеушінің лауазымдық міндеттері:

5.2.1. Кафедрадағы ғылыми мектептердің қалыптасуы мен дамуына қатысады, білім, ғылым мен өндірістің интеграциясына негізделген ғылыми бағдарламаларды әзірлейді және енгізеді.

5.2.2. Университеттің Академиялық саясатына сәйкес оқытылатын пән бойынша және/немесе оқитудың жекелеген түрлерінде оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарды жүргізеді.

5.2.3. Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып, білім беру бағдарламалары мен оқу пәндерін құруға қатысады. Магистранттарға, докторанттарға ғылыми жетекшілік жүргізеді.

5.2.4. Республикалық және халықаралық жарыстарға қатысу үшін кафедраның ғылыми бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу қызметі шеңберінде гранттық өтінімдерді дайындаудың бастамашылығын анықтайды және бюджеттен тыс қаражаттың тартылуын қамтамасыз етеді (XFTO, EO, Дүниежүзілік банк, МАГАТЭ, Ньютон, Әл-Фараби және SciVal FUNDING және басқалар арқылы қаржыландырылатын халықаралық ғылыми жобалар).

5.2.5. Университеттің стратегиялық даму жоспарына сәйкес іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізеді және жыл сайын оның нәтижелерін Scopus мәліметтер базасында

| | | |
|---|----------------------------|------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | УЕ-ХКТУ-055-2022 |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Университет ережесі | |
| Профессор-зерттеуші, қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші мәртебелерін беру | | 12 беттің 6-беті |

индекстелген және кемінде 50 пайыздық және/немесе WoS мәліметтер базасында (Q1+ Q2 квантильдері) журналдарда жылына кемінде 4 мақала жариялайды, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда, сонымен қатар халықаралық мәліметтер базасында монографиялар мен патенттерді жариялайды (WoS, Scopus). Жыл сайын «Ясауи университетінің хабаршысы», «Түркология», «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің хабарлары (математика, физика, информатика сериясы)», «Eurasian Research Journal» ғылыми журналдарында жариялау үшін ағылшын тілінде мақалалар дайындауды (жылына кемінде 3) қамтамасыз етеді. Бұл ретте жарияланымдардың бағыты сәйкес болуы қажет және авторлық бірлестікте жарияланған мақалалардың 1-і ғана есеп ретінде ұсынуға рұқсат етіледі.

5.2.6. Зерттеу нәтижелерін оқу үдерісіне енгізуді ұйымдастырады, пәнаралық және заманауи әдістеме негізінде оқу пәндерінің мазмұны ғылымның, техниканың және өндірістің заманауи жетістіктеріне сәйкес келуін қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламаларының негізгі пәндері бойынша инновациялық оқулықтар әзірлейді.

5.2.7. Өндіріспен байланысты және ғылыми зерттеулерді коммерцияландыруды қамтамасыз етеді.

5.3. Профессор-зерттеуші мәртебесінің берілу шарты мен ерекшеліктері:

5.3.1. Профессор-зерттеуші мәртебесін берудің шарты өз зерттеу саласындағы жетекші ғалым болып табылатын және Scopus дерекқорында индекстелетін және екінші квантильден (Q2) төмен емес 35 және/немесе WoS төмен емес процентиلى бар жетекші ғылыми басылымдарда зерттеу нәтижелері жарияланған қызметкерлердің белсенді зерттеу қызметі болып табылады;

5.3.3. Университет еңбекақы төлеу үшін қолда бар қаражат шегінде профессор-зерттеуші мәртебесі бар қызметкерлер үшін қосымша төлемдердің мөлшерін және материалдық ынталандырудың басқа шараларын анықтайды;

5.3.4. Университеттің профессор-зерттеуші лауазымына конкурс негізінде оқытушы және ғылыми қызметкер ретінде кемінде бір жыл және үш жылдан аспайтын мерзімге жасалатын еңбек шарты бойынша қабылданады.

Профессор-зерттеуші оқытушылық қызметпен айналысуға құқылы, бұл ретте педагогикалық жүктеме көлемі 0,5 штаттық бірліктен аспауы тиіс. Шарттық міндеттемелер мен жеке жоспары табысты аяқталған жағдайда (жоғары жарияланымдық белсенділік, жобалау жұмысына қатысу және өзге де көрсеткіштерді орындау) профессор-зерттеушінің еңбек шарты ұзартылуы мүмкін.

5.3.5. «Профессор-зерттеуші» лауазымындағылардың ғылыми-оқытушылық қызметіне дәрістер оқу, семинарларға басшылық жасау, магистранттар мен докторанттарға ғылыми жетекшілік ету, ғылыми қызметкерлерге, профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушыларға кеңес беру, сондай-ақ университетте белгіленген тәртіпке сәйкес өзге де функциялар кіреді.

5.3.6. Профессор-зерттеушінің ғылыми қызметі іргелі немесе қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыруды, осы зерттеулерді басқаруды, ғылыми-зерттеу семинарларын өткізуді қамтиды.

5.3.8. Профессор-зерттеушінің ғылыми және педагогикалық қызметі Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры мен Академиялық мәселелер бойынша вице-ректор бекіткен жеке жоспары бойынша жүзеге асырылады, оған педагогикалық жұмыс жоспары, ғылыми жоба бойынша жұмыс жоспары, жарияланымдар жоспары, конференциялар мен семинарларға қатысу жоспары, іс-сапарлар жоспары кіреді.

5.3.9. Ғылым департаменті жыл сайын, оқу жылы аяқталғанда яғни, маусым айының 15-нен кешіктірмей, осы Ережеде көзделген жеке жоспардың, жарияланымдар мен ғылыми-

| | | |
|---|----------------------------|------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | УЕ-ХҚТУ-055-2022 |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Университет ережесі | |
| Профессор-зерттеуші, қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші мәртебелерін беру | | 12 беттің 7-беті |

зерттеу қызметі жөніндегі талаптардың орындалуы туралы профессор-зерттеушілердің есептерін қабылдау туралы шешім қабылдайды. Профессор-зерттеушінің жеке жоспарының орындалмауы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген жауапкершілікке тарту үшін негіз болып табылады.

5.3.10. Ғылым департаментіне профессор-зерттеуші жыл сайын 15 маусымға дейін, зерттеу нәтижелерін растауды қоса бере отырып, орындалған ғылыми-зерттеу жұмысы туралы жазбаша есеп беруге міндетті.

6. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОР (ДОЦЕНТ)-ЗЕРТТЕУШІ ЛАУАЗЫМЫНА ҮМІТКЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1. Қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші мәртебесі философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, ғылым кандидаты, ғылым докторы, қауымдастырылған профессор (доцент) атағы (дәрежесі) бар және келесі талаптарға сәйкес келетін тұлғаларға беріледі:

6.1.1. Бағытына сәйкес келетін және кемінде 5 жылды құрайтын ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық қызмет тәжірибесінің болуы;

6.1.2. Ғылыми жетекші немесе зерттеу тобының мүшесі ретінде соңғы 5 жылда кемінде 1 (бір) іске асырылған немесе іске асырылып жатқан ғылыми жобаға немесе гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде бағдарламаға не халықаралық жобаға қатысу тәжірибесінің болуы;

6.1.3 Соңғы 5 (бес) жылда және Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index, Russian Science Citation Index және (немесе) Emerging Sources Citation Index Web of Science деректер базасында индекстелетін және (немесе) Scopus деректер базасындағы CiteScore бойынша процентілі 35-тен (отыз бес) кем емес басылымда кемінде 3 (үш) мақаланың болуы;

6.1.4. Хирш индексі кемінде 3 болуы;

6.1.5. Scopus және (немесе) WoS мәліметтер базасында индекстелген халықаралық рецензияланған ғылыми журналдарда соңғы 3 жыл ішінде ғылыми жарияланымдарымен расталған белсенді зерттеу қызметінің тәжірибесі.

6.1.6. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар бойынша ізденушілер үшін Web of Science Core Collection деректер қорында индекстелген журналдар (Art and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded) есептеледі.

Clarivate Analytics Social Sciences Citation Index).

6.1.7. B2-ден төмен емес деңгейдегі шет тілін (түрік немесе ағылшын) білген жөн (орташадан жоғары).

6.2. Қауымдастырылған профессор-зерттеушінің лауазымдық міндеттері:

6.2.1. Кафедрадағы ғылыми мектептерді дамытуға қатысады, білім, ғылым мен инновацияның интеграциясына негізделген зерттеу бағдарламаларын әзірлейді және енгізеді.

6.2.2. Пәнаралық зерттеу мәселелерін анықтауға және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып, білім беру бағдарламалары мен оқу пәндерін құруға қатысады.

6.2.3. Университеттің Академиялық саясатына сәйкес оқытылатын пән бойынша және/немесе жекелеген оқыту түрлері бойынша оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарды жүргізеді. Магистранттарға, докторанттарға ғылыми жетекшілік етеді.

6.2.4. Гранттық өтінімдерді дайындауға қатысады, республикалық және халықаралық конкурстарға (ХҒТО, ЕО, Дүниежүзілік банк, МАҒАТЭ, Ньютон, Әл-Фараби және SciVal Funding арқылы қаржыландырылатын халықаралық ғылыми жобалар және басқалар) қатысу

| | | |
|---|----------------------------|------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | УЕ-ХҚТУ-055-2022 |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Университет ережесі | |
| Профессор-зерттеуші, қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші мәртебелерін беру | | 12 беттің 8-беті |

үшін кафедраның ғылыми бағыттары бойынша зерттеу қызметі шеңберінде бюджеттен тыс қаражатты тартуды қамтамасыз етеді.

6.2.5. Университеттің стратегиялық даму жоспарына сәйкес іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізеді; әлемдік басылымдардағы ғылыми зерттеулерді мақұлдайды (Scopus мәліметтер қорындағы монографиялар, халықаралық ғылыми конференциялар материалдарының ғылыми нәтижелері (Proceeding), халықаралық Scopus мәліметтер базасында индекстеледі), ғылыми әзірлемелердің коммерциялануын қамтамасыз етеді.

6.2.6. Жыл сайын өзінің ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелерін Scopus мәліметтер базасында индекстелген, процентиі кемінде 35 және/немесе WoS дерекқорында (Q2 + Q3 квантилдері) журналдарда жылына кемінде 3 мақала, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда жариялайды, сонымен қатар монографиялар мен патенттерді халықаралық мәліметтер базасында (WoS, Scopus) жариялайды. Жыл сайын «Ясауи университетінің хабаршысы», «Түркология», «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің хабарлары (математика, физика, информатика сериясы)», «Eurasian Research Journal» ғылыми журналдарында ғылыми журналында жариялау үшін ағылшын тілінде мақалалар дайындауды (жылына кемінде 2) қамтамасыз етеді. Бұл ретте жарияланымдардың бағыты сәйкес болуы қажет және авторлық бірлестікте жарияланған мақалалардың 1-ін ғана есеп ретінде ұсынуға рұқсат етіледі.

6.2.7. Зерттеу нәтижелерін оқу үдерісіне енгізуді ұйымдастырады, пәнаралық және заманауи әдістеме негізінде мазмұнның ғылым, техника мен өндірістің жетістіктеріне сәйкес келуін қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламаларының негізгі пәндері бойынша инновациялық оқулықтар әзірлейді.

6.3. Қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші мәртебесінің берілу шарты мен ерекшеліктері:

6.3.1. Қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші мәртебесін берудің шарты: мамандығы бойынша жетекші ғалым болып табылатын, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын тізімге енгізілген жетекші ғылыми мерзімді басылымдарда жарияларымы бар профессор-оқытушы құрамының белсенді зерттеу қызметі және Scopus мәліметтер базасында индекстелген және процентиі 25-тен кем емес және/немесе WoS екінші квантильден (Q3) кем емес журналдарда мақаласының болуы.

6.3.3. Университет еңбекақы төлеу үшін қолда бар қаражат шегінде қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші мәртебесі бар қызметкерлерді қосымша төлемдер мен материалдық ынталандырудың басқа шараларын анықтайды.

6.3.4. Қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші оқу жүктемесіне факультативті пәндерді оқытуды, студенттердің бітіруші біліктілік жұмыстарына басшылықты, магистранттар мен докторанттарға ғылыми жетекшілікті қамтуы мүмкін.

6.3.5. Қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші мәртебесі берілген педагогикалық қызметкерлер үшін оқу жүктемесінің жалпы стандарттары қолданылмайды.

6.3.6. Университеттің қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші лауазымына конкурс негізінде оқытушы және ғылыми қызметкер ретінде кемінде бір жыл және үш жылдан аспайтын мерзімге жасалатын еңбек шарты бойынша қабылданады. Қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші оқытушылық қызметпен айналысуға құқылы, бұл ретте педагогикалық жүктеме көлемі 0,5 штаттық бірліктен аспауы тиіс.

Шарттық міндеттемелер мен жеке жоспары табысты аяқталған жағдайда (жоғары жарияланымдық белсенділік, жобалау жұмысына қатысу және өзге де көрсеткіштерді

| | | |
|---|----------------------------|------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | УЕ-ХҚТУ-055-2022 |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Университет ережесі | |
| Профессор-зерттеуші, қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші мәртебелерін беру | | 12 беттің 9-беті |

орындау) Қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеушімен еңбек шарты ұзартылуы мүмкін.

6.3.7. Қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші лауазымындағы қызметкердің ғылыми-оқытушылық қызметіне дәрістер оқу, семинарларға басшылық жасау, магистранттар мен докторанттарға ғылыми жетекшілік ету, ғылыми қызметкерлерге, профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушыларға кеңес беру, сондай-ақ университетте белгіленген тәртіпке сәйкес өзге де функциялар кіреді.

6.3.8. Қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеушінің ғылыми қызметі іргелі немесе қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыруды, осы зерттеулерді басқаруды, ғылыми-зерттеу семинарларын өткізуді қамтиды.

6.3.9. Қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші белгіленген тәртіппен аффилиацияны Университетпен көрсете отырып, жыл сайын ғылыми-зерттеу нәтижелерін халықаралық дәйексөз базаларына кіретін жетекші қазақстандық және шетелдік журналдарда жариялауға міндетті. Халықаралық дәйексөздер базасына кіретін шетелдік журналдардағы жарияланымдар саны жыл сайын Web of Science базасындағы кемінде 3 (үшінші) квартильге кіретін рецензияланатын ғылыми басылымдарда не бір немесе бірнеше ғылыми салалар бойынша Scopus базасындағы CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентильге не жылына кемінде екі бірлік болуы тиіс.

6.3.10. Қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеушінің ғылыми және педагогикалық қызметі Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры және Академиялық мәселелер вице-ректор бекіткен жеке жоспар бойынша жүзеге асырылады, оған педагогикалық жұмыс жоспары, ғылыми жоба бойынша жұмыс жоспары, жарияланымдар жоспары, конференциялар мен семинарларға қатысу жоспары, іссапарлар жоспары кіреді.

6.3.11. Ғылым департаменті оқу жылы аяқталғанда яғни, маусым айының 15-нен кешіктірмей, осы Ережеде көзделген жеке жоспардың, жарияланымдар мен ғылыми-зерттеу қызметі жөніндегі талаптардың орындалуы туралы Қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеушілердің есептерін қабылдау туралы шешім қабылдайды, Қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеушінің жеке жоспардың орындамауы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген жауапкершілікке тарту үшін негіз болып табылады.

6.3.12. Ғылым департаментіне қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші жыл сайын 15 маусымға дейін, зерттеу нәтижелерін растауды қоса бере отырып, орындалған ғылыми-зерттеу жұмысы туралы жазбаша есеп беруге міндетті.

7. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

7.1. Профессор-зерттеуші немесе қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші лауазымындағы қызметкердің еңбегіне ақы төлеу университеттің штаттық кестесі бойынша еңбек шартына сәйкес белгіленеді.

7.2. Профессор-зерттеушіге немесе қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеушіге сауықтыруға арналған жәрдемақы төлене отырып, ұзақтығы күнтізбелік елу алты күн болатын жыл сайынғы негізгі ақылы демалыс беріледі.

7.3. Профессор-зерттеуші немесе қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші еңбек шарты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында қарастырылған және шарттарда көзделген тәртіппен тоқтатылады.

8 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

| | | |
|---|----------------------------|-------------------|
| Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті | | УЕ-ХҚТУ-055-2022 |
| Сапа менеджментінің жүйесі | Университет ережесі | |
| Профессор-зерттеуші, қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші мәртебелерін беру | | 12 беттің 10-беті |

8.1 Университеттің осы ережесін басқару және өзгерістер енгізу ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

8.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

9 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1 Осы университет ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

9.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қоданушыларға жіберу жауапкершілігі Ғылым департаменті директорына жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адресстер бойынша жіберіледі: Вице-ректорлар, факультет декандары, ғылыми-зерттеу институтының директорлары, кафедра меңгерушілері, оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлер.

9.3 Осы университет ережесінің бақылау данасын Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығында сақтау жауапкершілігі орталық басшысына жүктеледі.

КЕЛІСІЛДІ:

Ғылым және стратегиялық даму
вице-ректоры

А.Ошибаева

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Идрисова

Қаржы және халықаралық байланыстар
вице-ректоры

М.Нурсой

Стратегиялық даму, рейтинг
және сапа орталығының басшысы

С.Қырықбаева

Заң бөлімінің басшысы

Г.Мусаханов

Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы м.а

Ж.Сыздыкова

